

**КӘРІМОВ
АЛТЫНҒАЗЫ КӘРІМҰЛЫ**

80

Құрметті Алтынғазы Кәрімұлы!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы атынан Сізді мерейлі 80 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіз Семей қаласындағы Н.К.Крупская атындағы мемлекеттік педагогикалық институтын аяқтап, еңбек жолыңызды Мәскеу геодезия институтының бөлімшесі – Семей Топографиялық техникумында физика және математика мұғалімі болып бастадыңыз. 1967-70 жылдары Павлодар қаласындағы индустриалдық институтының физика кафедрасында "Молекулалық физика" және "Электродинамика" сабақтарынан дәріс бердіңіз, ал 1970 жылы С.М.Киров атындағы ҚазМУ аспирантурасына «Математикалық теориялық физика» мамандығы бойынша оқуға түстіңіз. Академик А.Т.Лукиянов жетекшілік еткен математикалық модельдеудің зертханасында кіші, содан соң аға ғылыми қызметкер болдыңыз. 1982 жылы 01.02.05– «Сұйықтықтар, газ және плазма механикасы» мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғадыңыз.

Қолданбалы математика кафедрасындағы аға оқытушы, содан соң доцент ретінде қызмет жасау барысында механика мамандығы үшін «Математикалық физика теңдеулері», ал қолданбалы математика мамандығы үшін «Молекулалық физика», «Электродинамика», сонымен қатар «Сызықтық емес фильтрацияның математикалық модельдері» атты арнайы курс дәрістерін оқыдыңыз. Сегіз жыл көлемінде Республикалық физика-математикалық мектебінде (қазіргі О. Жәутіков атындағы РФММ) бағдарламалық бойынша оқу процесіне жетекшілік етіп, 1986 жылы Қазақстанның физика-математикалық мектептеріне арналған бағдарламалау жөні бойынша оқу программасын құрастырып, КСРО ХШЖЖ-нің қола медалімен (№14278 куәлік) марапатталдыңыз. Екі ғылым кандидатын дайындауға өз үлесіңізді қостыңыз, сондай-ақ, халықаралық және республикалық конференцияларға қатысып, 90-нан аса мақалалар жарияладыңыз. Сіз студенттердің үлкен сұранысына ие ондаған оқу және әдістемелік құралдардың авторысыз.

2011 жылы университет ғылыми мен білім беруді дамытуға қосқан үлесіңіз үшін және қоғамдық қызметтерге белсене атсалысқаныңыз үшін Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20-жылдығына орай Құрмет грамотасымен марапатталдыңыз. 2016 жылдан «Қазақстан ұстаздары» қоғамының мүшесісіз, сондай-ақ, «Ғалым» төсбелгісінің иегерісіз. 2019 жылы ҚР білім және ғылым министрлігінің шешімімен «Еңбек ардагері» атағын алдыңыз.

Қазіргі таңда ньютондық емес сұйықтықтар мен газдардың қозғалысын жалтыланған функциялар теориясы негізінде математикалық модельдеу және көпторлық әдісті қолданып, сандық зерттеумен байланысты ғылыми жұмыстармен белсенді айналысудасыз. Сонымен бірге, жаңа арнайы курстарды сомдап, студенттерге бірнеше пәндерден дәріс бересіз. Студенттерді, жас ғалымдарды тәрбиелеуде аса жауапкершілік танытып, қазіргі күнге дейін аялмай еңбек етудесіз.

Құрметті Алтынғазы Кәрімұлы! Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жылдар бойы жасаған жемісті жұмысыңыз үшін сізге деген алғысымыз шексіз. Сіздің оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар шығарып, ізкірттеріңізге ғылыми бағдар беріп жүргеніңіз біз үшін қуаныш.

Алтынғазы Кәрімұлы! Сізге және сіздің жақындарыңызға зор денсаулық, бақыт, жаңа идеялар мен ұзақ жылдарға жемісті жұмыс тілейміз!

Ректор



Г. Мұтанов

Г. Мұтанов